Оқу жоспарларының орындалуы тиісті даярлығы мен біліктілігі бар педагог кадрлардың қажетті санымен, бағдарламалық-әдістемелік материалдардың және оқу әдебиетінің қажетті санымен қамтамасыз етіледі.

Оқу жоспарын жүзеге асыру кезінде мереке күндеріне түсетін сабақтар есепке алынды, қайталауға бөлінген сағаттар арқылы оқу жоспарының мазмұнын кіріктіру ескеріліп, келесі күндерге ауыстырылды. Пән мұғалімдерінің оқу бағдарламасының теориялық және практикалық бөлімдерін орындауы электронды журналда жинақталады.

### **«Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жұмыс оқу жоспарына түсінік жазбасы**

**2023-2024 оқу жылы**

Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды көрсетеді; білім алушылардың аудиториялық жүктемесінің ең жоғары көлемін, пәндік облыстардың құрамы мен құрылымын белгілейді; оқу пәндерінің, курстардың тізбесін айқындайды, сыныптар мен оқу пәндері бойынша оларды игеруге бөлінген оқу уақытын бөледі.

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС негізінде; ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына; ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығына сәйкес мектепалды тобы, бастауыш, негізгі орта, орта білім берудің вариативтік компоненті.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

**Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді:**

- «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері,

3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

**Оқыту орыс тілінде жүргізілетін 1-сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:**

- «Қазақ тілі», «Букварь» және «Обучение грамоте» пәндері оқытылады;
- «Шет тілі» пәні алынып тасталды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері».

**Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:**

1-сыныпта – 1 сағатты;

2-сыныпта – 1 сағатты;

3-сыныпта – 1 сағатты;

4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға, сондай-ақ шахмат пен домбырада ойнау сабақтарына бөлу ұсынылады. Шахмат ойнау логикалық ойлауды дамытады және маңызды жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсына бөлінеді.

**Қазақ тілінде оқытатын жаратылыстану-математика бағыты бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейін құрайды:**

10 А сыныпта-3 сағат;

11 А сыныпта-3 сағат.

Оның ішінде 2 сағат «Жаһандық құзыреттілік», 1 сағат тіршілік әлемі, 2 сағат дебат, 1 сағат кәсіпкерлік негіздері курсына бөлінеді.

Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі басқа сағаттарды инварианттық компоненттегі пәндерді оқытуға бөлу ұсынылады.

Орыс тілінде оқытатын **жаратылыстану-математикалық бағыт** бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейін құрайды:

11Б сыныпта-2 сағат.

Сағаттар «Жаһандық құзыреттілік» - 1 сағат, география және экономика 1 сағат курсына бөлінді.

1) 2023 - 2024 оқу жылының басталуы - 2023 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 30 қазан – 5 қараша аралығында), қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 11 күн (2021 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

### **Бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары**

2023-2024 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі – Стандарт) бойынша жүзеге асырылады.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.

Бастауыш білім беруді ұйымдастыру Стандартта айқындалған мақсат пен ондағы күтілетін нәтижеге бағдарлануы тиіс.

2023-2024 оқу жылында осы Стандартқа мынадай өзгерістер енгізілді:

1) «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінде іске асырылады», оқу жүктемесі аптасына 1 сағат.

2) «Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»

пәндеріне бөлініп, тек 1-сыныптар үшін дербес оқу пәндері болып айқындалды.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка»,

«Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады», - деген өзгеріс енгізілді.

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары

қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңестің шешімімен осы Оқу жоспарларының бірін таңдау арқылы оқу процесін ұйымдастыру жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш білім беру процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту

туралы» №115 бұйрығына енгізілген толықтыруларға сәйкес жүзеге асырылады.

«Еңбекке баулу» пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап, тек 1 – сыныптар

үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады.

«Еңбекке баулу» пәнінің мақсаты – білім алушыны еңбек іс-әрекетіне

дағдыландыру, олардың қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту.

«Еңбекке баулу» пәнінің міндеттері:

- қол еңбегі арқылы оқушының байқампаздық, ұқыптылық, ептілік,

жинақылық, жасампаздық, еңбексүйгіштік, төзімділік, шыдамдылық қасиеттерін тәрбиелеуді;

- қолөнер туындылары мен олардың маңызы туралы ұлттық дүниетанымдық түсініктерін қалыптастыруды;

- еңбек етуге психологиялық дайындығын, қызығушылығын, құлшынысын дамытуды;
- еңбекті, еңбек адамын, кәсіп иесін құрметтеу, еңбектің адамзатқа пайдасы туралы түсінігін қалыптастыруды,
- бастапқы еңбек дағдыларды игеруін;
- еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеуді, еңбек қауіпсіздігін сақтау дағдысын қалыптастыруды;
- көркемдік-шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруды;
- түрлі материалдармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді;
- мүсіндеу, құрастыру, құрау, жапсыру, ою, тігу, илеу жоспарлау, модельдеу біліктілігін дамытуды;
- қолөнер туындылары жайлы ақпарат жинақтау, талдау және шығармашылықпен қолдануды;
- өз қолымен жасалған туындылар арқылы өз мүмкіндігіне деген сенімін арттыруды;
- отбасында, мектепте, мектептен тыс ортада қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылдану дағдысын қалыптастыруды көздейді.

«Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

«Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағат;

*Ескерту: 1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.*

### **Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары**

2023 - 2024 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен академия сайтында орналасқан курстарды таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады.

2023-2024 оқу жылында Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен бастауыш білім беру деңгейінің оқу пәндері бойынша жүргізілетін элективтік курс тақырыптары ұсынылады:

«Математика» пәні бойынша: «Математикалық сөйлеуді дамыту», «Қызықты математика».

7-8 жастағы баланың абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға қажетті логикалық пайымдаулар құру, ой қорытуды жүргізе алу біліктерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан екінші сыныпқа арналған «Қызықты математика» арнайы курс бағдарламасы осы ерекшеліктерді есепке ала отырып құрылған.

Бүгінгі күні математиканың қолданылмайтын жері жоқ. Сондықтан әр оқушыны математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейіне жеткізу міндеті тұр. «Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса математикалық, логикалық, танымдық мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, ойлау қабілеті жетілдіріледі.

«Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар қоршаған ортаны таниды, ұлттық мәдениетті, моральды, дүниетанымды сезіне бастайды, сөйлеуге дағдыландыруда оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі. «Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса оқып—үйрену барысында оқушылар алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.

Көңілді жаттығулар, викториналар, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп,

ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

«Қызықты математика» арнай курс бағдарламасында келесі тапсырмалар түрлері енгізілген:

- геометриялық мазмұндағы және кеңістік ұғымын дамытуға арналған тапсырмалар;
- жиынмен байланысты амалдарды орындауға арналған тапсырмалар;
- математикалық басқатырғыштар;
- логикалық қортындылар;
- лабиринттер;
- көңілді жаттығулар;
- сөзжұмбақтар;

### **Білім беру мақсаты:**

Баланың тұлғалық қасиеттерін: ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік, дағдыларын игерту; шығармашылық қабілеттерін арттыру; зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

### **Міндеті:**

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Математикалық тілде сөйлеу машығын қалыптастыру;
- Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.

### **2а-3 а сынып «Тез есептеп, нақ есептеп ойнаймыз»**

Бүгінгі таңда білім беру сатына көшу бағыты мұғалім мен оқушы алдына үлкен міндеттер мен жауапкершілікті жүктейді.

Төменгі сыныптан бастап балаларды өздерінің қабілеті бар салаға бағыттау, сол салаға деген қызығушылығы мен ізденісін қалыптастыру өзекті мәселе. Жалпы білім беретін оқу орнының бастауыш сатысында «Қызықты математика» таңдау курсы оқытылады. Бұл курс математика пәнін тереңдетіп оқытуға негізделген. Таңдау курсы оқушылардың белгілі білім саласына тұрақты қызығуын қалыптастыру үшін, оқушылардың жас ерекшелігімен байланысты таным мүмкіндігіне сай жүзеге асырылады.

Бастауыш сыныптың 2-3-сыныптарына арналған «Тез есепте, нақ есепте» арнайы курс бағдарлама үлгісі аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама оқушылардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейін ескеріледі.

Балалардың танымдық қабілеттерін дамытып пәнге деген қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы - дидактикалық материалдар мен қызықты тапсырмалар. Есеп зерделілікке, қиял- дауға, тапқырлыққа, шапшаң есептеу қабілеттерін дамытуға тәр- биелейді.

Математикалық викториналар, ребустар, логикалық есептер, математикалық эстафеталар, сөзжұмбақтар шешу, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді.

«Қызықты математика» таңдау курстың әрбір бөлімдерде аталған тақырыптар бойынша сағаттарға бөлінген. Шығармашылық жұмыстар жүргізіліп, дайын сызба және сурет бойынша есептер құрастыру және есептерді тиімді жолмен шығарудың тәсілдері туралы айтылады. Әрбір тақырып соңында сол тақырыпқа сәйкес тест берілген. Сонымен қатар курсты оқу барысында оқушылар есептеулердің тиімді жаңа тәсілдерін, танымдық және логикалық тапсырмалардың шешу жолдарын анықтай алады. Тақырыптың теориялық бөлімінде сыныптағы жеке оқушының қабілетіне, олардың білім деңгейіне қолданудағы мұғалімнің кәсіби шеберлігі, ізденімпаздығы талап етіледі. Курс пәнаралық байланыс негізінде технология, жаратылыстану пәндерімен байланыстырыла оқытылады.

Бұл таңдаулы курс 2а-3а-сынып оқушыларының білім-білігіне, икем-дағдысына және сынып балаларының ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді.

2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді.

Жаһандық құзыреттер жаһандандудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады. Курс жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты көздейді, оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді.

*«Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:*

• 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 17 сағат

• 9 – сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат

• 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

• 0, 5 сағат жүктемесі бар курс екі аптада 1 рет өткізіледі.

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» курсы*

Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Әр сынып үшін сағат саны мен күтілетін нәтижелерді көрсететін әр түрлі бірліктер ұсынылады. Ұсынылған курс тақырыбы 5-9 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған.

### **5 а-ба сынып «Жаһандық құзыреттіліктер»**

#### **Мақсаты:**

Техника мен технология саласында білім алушылардың заманауи өндірісінде алған білім жүйесінің нәтижелігіне бағытталған функционалдық сауаттылығын қамтамасыз ету, технологиялық ойлау қабілетін, орындаған жұмысына шығармашылық көзқараспен қарауын дамыту.

Кез келген халықтың мәдениетін алға тартушысы – халықтың қолөнері. Сондықтан білім алушылардың білімін және еңбек дағдысын қалыптастыру мақсатында, сабақтарда халықтардың және ұлттардың мыңдаған жылдық қолөнерін қолдануға және үйретуге көңіл аудару қажет.

Сабақтың, сабақтан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

Оқушылардың әр түрлі бұйымдар жасау арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытып, көркем-эстетикалық біліктілігін қалыптастыру. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету. Көркемдік материалды, техниканы таңдап алынған құралдардың ерекшеліктерін ескере отырып пайдалану, тәжірибеде қолдану.

Оқушылардың нәтижелерін жақсарту үшін жаңа идеялармен тәжірибелер жүргізу, оларды дамыту, түрлі әдістерді қолдану. Түрлі тапсырмалар орындау барысында салыстыру, талдау қорытынды жасау, өз пікірлерін дәлелдеуге дағдыландыру.

### **Міндеттері:**

- қабілет-қарымын дамытып, өздігінен ықыластылық, талпыныс қызығушылық танытуға дағдыландыру;
- оқушыларды өздігінен еңбек етуге баулу;
- өз жұмысындағы шығармашылық шешімдерге сипаттама беруді;
- шеберлердің туындыларына талдау жасауға үйрету;
- орындалған жұмыстың сапасы мен қасиетін сыни тұрғыда анализдеуді (коммуникативтік дағды) біледі;
- шығармашылық идеяларын дамыту үшін түрлі ақпарат көздерін қолдана білулерін;
- техника қауіпсіздік ережесін және санитарлық – гигиена нормаларын орындау.

### **Күтілетін нәтиже:**

- материалды тиянақты меңгеріп, ой өрістері кеңейтіледі;
- шығармашылық қабілеттерін, креативті және ерекше шешімдерін көрсетеді;
- өзінің және басқа оқушылардың жұмыстарын қарастыру барысында бағалау дағдыларын дамытады;
- алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне сүйене отырып, қол еңбегі жұмыстары барысында қолданылған құрал-саймандарымен жұмыс жасау қабілеттерін арттырады;
- өздерінің жеке жұмыстарын жасай алады;
- шешімінің өзгешелігін, ой сонылығын, шығармашылық қабілетін көрсетеді;
- өз жұмысы мен оқушылардың жұмысын талдай алады.

Оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген.

1. Пәнді оқытудың мақсаты – оқушылардың білімі мен дайындық деңгейін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі нақты тарихы бойынша білім беру.

1) Қойылған мақсаттарға сай пәнді оқытудың келесі міндеттері орындалуы тиіс:

- оқушыларға «Тарих ата» бойынша толыққанды, жүйелі білім беру;
- «Тарих ата» бойынша тарихи терминологияларды меңгерту;
- оқушылардың тарихи фактілер мен құбылыстарды талдап-қорыту, тарихи оқиғалардың мақсаты мен мәнін анықтай білу, оның маңызын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру;
- оқушыларды оқытылатын кезеңдегі ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдері мен саяси жетекшілердің қызметіне, тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасауға дағдыландыру;
- оқушылардың қазақ және басқа да халықтардың мәдени мұраларына қызығушылығын қалыптастыру;
- оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі дерек көздерінен қажетті ақпаратты іздестіру арқылы өзіндік жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру.

1. Келесі пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

2. Оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5а-6а-сыныпта аптасына – 1сағат, оқу жылында 34 сағат

### **9 «А», 9 «Б» сынып «Зайырлылық және дінтану негіздері»**

- **Пәннің оқыту мақсаты:**

1) білім алушыларды зайырлылық қағидатын құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету;

- 2) діни сенім бостандығы, әлемдік және дәстүрлі діндердің, жаңа діни қозғалыстардың тарихы мен қазіргі жай-күйі, теріс пиғылды діни ағымдар мен тыйым салынған діни ұйымдар туралы жан-жақты білімін қалыптастыру;
- 3) оқушыларды экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйрету, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде толеранттылық қасиетке тәрбиелеу және олардың гуманистік дүниетанымын қалыптастыру.

#### **Пәннің оқыту міндеттері:**

- 1) білім алушыларға діннің мәні, тарихы және оның қазіргі қоғамдағы рөлі жөнінде жүйелі мәлімет беру
  - 2) зайырлылық ұстанымдарын мемлекеттілік пен тәуелсіздіктің негізі ретінде таныта отырып, осы бағыттағы білімін қалыптастыру;
  - 3) зайырлылық тұрғысынан діни сана, діни сенім, діни таным және діни тәжірибе негіздерін салыстыра білуді үйрету;
  - 4) діннің дүниетанымдық, мәдениеттанымдық және адамгершілік мәнін түсіндіру;
  - 5) оқушыларды діни сенім бостандығын құрметтеуге, толеранттылыққа баулу арқылы қазіргі қоғамдағы діни ағымдарға зайырлылық ұстанымы негізінде баға бере алатын дағды қалыптастыру;
  - 6) Қазақстандағы этносаралық, конфессияаралық келісімді зайырлылық ұстанымдарының нәтижесі ретінде таныта отырып, оқушылардың бойында азаматтық мінез бен жауапкершілік қасиетті тәрбиелеу;
  - 7) экстремизм, терроризм, діни радикализм секілді жаһандық жағымсыз құбылыстардың теріс идеологияларының ұлттық қауіпсіздікке, зайырлылық ұстанымдарына, қоғам тұрақтылығына төндіретін қауіп-қатерін түсіндіре отырып, зайырлы мемлекет қағидаттарына құрмет сезімін тәрбиелеу;
  - 8) білім алушылардың бойында діни әдебиеттер, электрондық ресурстар және бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын салыстыра білу және сыни тұрғыда сараптау мәдениеті мен қабілеттерін қалыптастыру;
  - 9) құқықтық сауаттылықтың қоғам өміріндегі маңызын түсіндіре отырып, осы тұрғыдағы білімін арттыруға, Қазақстан адамдары мен азаматтарының құқықтары мен еркіндіктерін сыйлауға тәрбиелеу;
- Бағдарламада ұсынылған материалды игеру барысында «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық», «Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Өнер» сияқты пәндермен және «Абайтану» курсымен пәнаралық байланыс пен сабақтастықты орнату қарастырылған.

Оқу жүктемесінің көлемі:

9-сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

#### **11 «А» сынып «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні**

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).

2. Ұсынылып отырған пән Қазақстан Республикасының The presidentі жолдауындағы Қазақстанның модернизациясы аясында және алға тартылған басымдықтардың бірі - нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыру арқылы бизнес ортаны түбегейлі жақсарту мен кеңейтуге сәйкес Қазақстан Республикасының мектептеріне арналып әзірленді.

**Курстың мақсаты:** Пәнді оқытудың мақсаты кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша оқушыларға базалық білімдер беру; өз таңдауы үшін жауапкершілікке үйрету, кәсіпкерлік ойлау жүйесі мен белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптасыру; қазіргі заманғы нарықтық жағдайда болашақтағы дербес әрекетіне қажетті дағдылардың практикалық базасын қалыптастыру болып табылады.

11 а «Тіршілік әлемі» курсы бағдарламасы

«Тіршілік әлемі» атты факультативтік курсының жаңашылдығы экология пәніне қызығушылықтарын оятуға бағытталатындығы ғана емес, сонымен қатар бұл курс бағдарламасы өзіне теориялық білімді практикада қолданумен ұштастырған. Қоршаған ортаны және оның құрамдас бөліктерін-өсімдіктер мен жануарларды зерттеуде – балаға табиғатты жаңаша қарауға көмектеседі.

Табиғаттың дамуы мен заңдылықтарын білгені қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға көмектеседі.

«Тіршілік әлемі» атты авторлық оқу бағдарламасының өзектілігі, ең алдымен экология жағдайының ушығуының себебі, техногенді апаттардан, экологиялық ұқыпсыз жүргізілген шаруашылық пен табиғатқа жауапсыз қарым-қатынас. Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы проблемалардың біріне айналады, тіпті ядролық соғыс қаупі де оның көлеңкесінде қалып қойды. Адамның шаруашылық іс-әрекетінің қауырт дамуы айналадағы ортаға үдемелі, көбінесе бүлдірушілік сипатта әсер етуде. Адамның табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай-ақ, топырақты, су көздерін, ауаныс ластау арқылы жүзеге асады.

Қазіргі уақытта экологиялық проблема адамзаттың проблемаларының ең маңыздысына жатады.

### **Мақсаты:**

Факультативті курстың мақсаты:

- өз туған өлкесінің табиғатын зерттеп қорғауға белсенді іс-әрекет жасау;
- қоршаған ортаға жауапкершілікпен қатынасуға тәрбиелеу;
- өсіп келе жатқан ұрпаққа белсенді экологиялық ұстаным қалыптастыру;
- бастауыш сыныптарда экологиялық білімнің негіздерін қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

- өзінің туған өлкесін зерттеуге қызығушылығын қалыптастыру;
- қарапайым нәрседен таңқаларлық және ерекшелікті байқауға тәрбиелеу;
- алған білімдерін тереңдетіп оқыту;
- балалармен табиғаттың нақты объектілерді бақылап зерттеу;
- Қазақстанның және өзінің облысының қорғалатын территориясы жайлы жалпы білу;
- облысының және өзінің туған өлкесінің табиғи ресурстарының қорғалуына, балаларды іс жүзінде іс-әрекетке жұмылдыру;
- оқушылардың өз елінің және өз өлкесінің қоршаған ортасына жауапкершілікпен қатынасуға тәрбиелеу;
- балаларда экологиялық мәдениеттілік пен рухани-эстетикалық қасиеттерін қалыптастыру;
- оқушылардың экологиялық білімін жоғарылату.

### **«Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жұмыс оқу жоспарына түсінік жазбасы 2024-2025 оқу жылы**

Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспары негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды көрсетеді; білім алушылардың аудиториялық жүктемесінің ең жоғары көлемін, пәндік облыстардың құрамы мен құрылымын белгілейді; оқу пәндерінің, курстардың тізбесін айқындайды, сыныптар мен оқу пәндері бойынша оларды игеруге бөлінген оқу уақытын бөледі.

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

1) 2024 - 2025 оқу жылының басталуы - 2024 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 25 қазан – 3 қараша аралығында), қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 11 күн (2021 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

Сыныптардағы оқушылар саны:

№	Сыныптар	Оқушылар саны
1	1А	5
2	2А	3
3	2Б	4
4	3А	3
5	4А	1
6	4Б	4
7	5А	3
8	6А	4
9	6Б	4
10	7А	4
11	8А	2
12	8Б	1
13	9А	3
14	9Б	2
15	10А	5
16	10Б	1
17	11А	2

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

1-3-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері,

4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту **қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында** вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

1-сыныпта – 1 сағатты;

2-сыныпта – 2 сағатты;

3-сыныпта – 1 сағатты;

4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға бөлу ұсынылады. Сондай-ақ 2А сынып оқушыларына оқу сауаттылығын арттыру мақсатында «Грамматикалық сауаттылық» енгізілді. Шахмат ойнау логикалық ойлауды дамытады және маңызды жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсына оқуға бөлінеді.

**Қазақ тілінде оқытатын жаратылыстану-математика бағыты** бойынша

вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейін құрайды:

10 А сыныпта-3 сағат;

11 А сыныпта-3 сағат.

Оның ішінде 2 сағат «Жаһандық құзыреттілік», 1 сағат дебат, 1 сағат кәсіпкерлік негіздері, 1 сағат туризм,

1 сағат Цифрлық құзіреттілік курсы оқуға бөлінді.

Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі басқа сағаттарды инварианттық компоненттегі пәндерді оқытуға бөлу ұсынылады.

Орыс тілінде оқытатын **жаратылыстану-математикалық бағыт**

бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі

жалпы орта білім беру деңгейін құрайды:

10Б сыныпта-2 сағат.

Сағаттар «Жаһандық құзіреттілік» - 1 сағат, 1 сағат тіршілік әлемі курсы оқуға бөлінді.

### **Бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары**

2024-2025 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.

Бастауыш білім беруді ұйымдастыру Стандартта айқындалған мақсат пен ондағы күтілетін нәтижеге бағдарлануы тиіс.

2024-2025 оқу жылында осы Стандартқа мынадай өзгерістер енгізілді:.

1) «Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлініп, тек 2-3-сыныптар үшін дербес оқу пәндері болып айқындалды.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка»,

«Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады», - деген өзгеріс енгізілді.

2024-2025 оқу жылында республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш білім беру процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығына енгізілген толықтыруларға сәйкес жүзеге асырылады.

«Еңбекке баулу» пәні 2024-2025 оқу жылынан бастап, 1-3 – сыныптар

үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады.

«Еңбекке баулу» пәнінің мақсаты – білім алушыны еңбек іс-әрекетіне

дағдыландыру, олардың қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту.

«Еңбекке баулу» пәнінің міндеттері:

- қол еңбегі арқылы оқушының байқампаздық, ұқыптылық, ептілік, жинақылық, жасампаздық, еңбексүйгіштік, төзімділік, шыдамдылық қасиеттерін тәрбиелеуді;

- қолөнер туындылары мен олардың маңызы туралы ұлттық дүниетанымдық түсініктерін қалыптастыруды;

- еңбек етуге психологиялық дайындығын, қызығушылығын, құлшынысын дамытуды;

- еңбекті, еңбек адамын, кәсіп иесін құрметтеу, еңбектің адамзатқа пайдасы туралы түсінігін қалыптастыруды,

- бастапқы еңбек дағдыларды игеруін;

- еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеуді, еңбек қауіпсіздігін сақтау дағдысын қалыптастыруды;

- көркемдік-шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруды;

- түрлі материалдармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді;
- мүсіндеу, құрастыру, құрау, жапсыру, ою, тігу, илеу жоспарлау, модельдеу біліктілігін дамытуды;
- қолөнер туындылары жайлы ақпарат жинақтау, талдау және шығармашылықпен қолдануды;
- өз қолымен жасалған туындылар арқылы өз мүмкіндігіне деген сенімін арттыруды;
- отбасында, мектепте, мектептен тыс ортада қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылдану дағдысын қалыптастыруды көздейді.

«Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

«Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1-3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағат;

*Ескерту: 1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.*

### **Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары**

2024 - 2025 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен

академия сайтында орналасқан курстарды таңдауға немесе басқа да элективті

курстарды өткізуге болады. 2024-2025 оқу жылында Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен бастауыш білім беру деңгейінің оқу пәндері бойынша жүргізілетін элективтік курс тақырыптары ұсынылады: «Математика» пәні бойынша: «Математикалық сөйлеуді дамыту», Ана тілі пәні бойынша «Грамматикалық сауаттылық».

7-8 жастағы баланың абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға қажетті логикалық пайымдаулар құру, ой қорытуды жүргізе алу біліктерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан екінші сыныпқа арналған «Математикалық сөйлеуді дамыту» арнайы курс бағдарламасы осы ерекшеліктерді есепке ала отырып құрылған.

Бүгінгі күні математиканың қолданылмайтын жері жоқ. Сондықтан әр оқушыны математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейіне жеткізу міндеті тұр. «Математикалық сөйлеуді дамыту» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса математикалық, логикалық, танымдық мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, ойлау қабілеті жетілдіріледі.

«Грамматикалық сауаттылық» бағдарламасы арқылы оқушылар сауатты жазуға, сөйлеуге дағдыландыруда оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі. Бұған қоса оқып—үйрену барысында оқушылар алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.

Көңілді жаттығулар, викториналар, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

### **Білім беру мақсаты:**

Баланың тұлғалық қасиеттерін: ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік, дағдыларын игерту; шығармашылық қабілеттерін арттыру; зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

### **Міндеті:**

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Математикалық тілде сөйлеу машығын қалыптастыру;

Сауатты таза жазуға қалыптастыру;

Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.

### **3 а сынып «Математикалық сөйлеуді дамыту»**

Бүгінгі таңда білім беру сатына көшу бағыты мұғалім мен оқушы алдына үлкен міндеттер мен жауапкершілікті жүктейді.

Төменгі сыныптан бастап балаларды өздерінің қабілеті бар салаға бағыттау, сол салаға деген қызығушылығы мен ізденісін қалыптастыру өзекті мәселе. Жалпы білім беретін оқу орнының бастауыш сатысында «Қызықты математика» таңдау курсы оқытылады. Бұл курс математика пәнін тереңдетіп оқытуға негізделген. Таңдау курсы оқушылардың белгілі білім саласына тұрақты қызығуын қалыптастыру үшін, оқушылардың жас ерекшелігімен байланысты таным мүмкіндігіне сай жүзеге асырылады.

Бастауыш сыныптың 2-3-сыныптарына арналған «Тез есепте, нақ есепте» арнайы курс бағдарлама үлгісі аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама оқушылардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейін ескеріледі.

Балалардың танымдық қабілеттерін дамытып пәнге деген қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы - дидактикалық материалдар мен қызықты тапсырмалар. Есеп зерделілікке, қиял- дауға, тапқырлыққа, шапшаң есептеу қабілеттерін дамытуға тәр- биелейді.

Математикалық викториналар, ребустар, логикалық есептер, математикалық эстафеталар, сөзжұмбақтар шешу, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді.

«Қызықты математика» таңдау курстың әрбір бөлімдерде аталған тақырыптар бойынша сағаттарға бөлінген. Шығармашылық жұмыстар жүргізіліп, дайын сызба және сурет бойынша есептер құрастыру және есептерді тиімді жолмен шығарудың тәсілдері туралы айтылады. Әрбір тақырып соңында сол тақырыпқа сәйкес тест берілген. Сонымен қатар курсты оқу барысында оқушылар есептеулердің тиімді жаңа тәсілдерін, танымдық және логикалық тапсырмалардың шешу жолдарын анықтай алады. Тақырыптың теориялық бөлімінде сыныптағы жеке оқушының қабілетіне, олардың білім деңгейіне қолданудағы мұғалімнің кәсіби шеберлігі, ізденімпаздығы талап етіледі. Курс пәнаралық байланыс негізінде технология, жаратылыстану пәндерімен байланыстырыла оқытылады.

Бұл таңдаулы курс 2а-3а-сынып оқушыларының білім-білігіне, икем-дағдысына және сынып балаларының ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді.

2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілді.

«Жаһандық құзыреттілік» жаһандандудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады.

Курс жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты көздейді, оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді.

«Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 17сағат
- 9 – сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат
- 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.
- 0,5 сағат жүктемесі бар курс екі аптада 1 рет өткізіледі.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» курсы

Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Әр сынып үшін сағат саны мен күтілетін нәтижелерді көрсететін әр түрлі бірліктер ұсынылады.

Ұсынылған курс тақырыбы 5-9 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған.

### **5-9 сынып «Жаһандық құзыреттіліктер»**

#### **Мақсаты:**

Техника мен технология саласында білім алушылардың заманауи өндірісінде алған білім жүйесінің нәтижелігіне бағытталған функционалдық сауаттылығын қамтамасыз ету, технологиялық ойлау қабілетін, орындаған жұмысына шығармашылық көзқараспен қарауын дамыту.

Кез келген халықтың мәдениетін алға тартушысы – халықтың қолөнері. Сондықтан білім алушылардың білімін және еңбек дағдысын қалыптастыру мақсатында, сабақтарда халықтардың және ұлттардың мыңдаған жылдық қолөнерін қолдануға және үйретуге көңіл аудару қажет.

Сабақтың, сабақтан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

Оқушылардың әр түрлі бұйымдар жасау арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытып, көркем-эстетикалық біліктілігін қалыптастыру. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету. Көркемдік материалды, техниканы тандап алынған құралдардың ерекшеліктерін ескере отырып пайдалану, тәжірибеде қолдану.

Оқушылардың нәтижелерін жақсарту үшін жаңа идеялармен тәжірибелер жүргізу, оларды дамыту, түрлі әдістерді қолдану. Түрлі тапсырмалар орындау барысында салыстыру, талдау қорытынды жасау, өз пікірлерін дәлелдеуге дағдыландыру.

#### **Міндеттері:**

- қабілет-қарымын дамытып, өздігінен ықыластылық, талпыныс қызығушылық танытуға дағдыландыру;
- оқушыларды өздігінен еңбек етуге баулу;
- өз жұмысындағы шығармашылық шешімдерге сипаттама беруді;
- шеберлердің туындыларына талдау жасауға үйрету;
- орындалған жұмыстың сапасы мен қасиетін сыни тұрғыда анализдеуді (коммуникативтік дағды) біледі;
- шығармашылық идеяларын дамыту үшін түрлі ақпарат көздерін қолдана білулерін;
- техника қауіпсіздік ережесін және санитарлық – гигиена нормаларын орындау.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- материалды тиянақты меңгеріп, ой өрістері кеңейтіледі;
- шығармашылық қабілеттерін, креативті және ерекше шешімдерін көрсетеді;
- өзінің және басқа оқушылардың жұмыстарын қарастыру барысында бағалау дағдыларын дамытады;
- алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне сүйене отырып, қол еңбегі жұмыстары барысында қолданылған құрал-саймандарымен жұмыс жасау қабілеттерін арттырады;
- өздерінің жеке жұмыстарын жасай алады;
- шешімінің өзгешелігін, ой сонылығын, шығармашылық қабілетін көрсетеді;
- өз жұмысы мен оқушылардың жұмысын талдай алады.

Оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген.

1. Пәнді оқытудың мақсаты – оқушылардың білімі мен дайындық деңгейін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі нақты тарихы бойынша білім беру.

1) Қойылған мақсаттарға сай пәнді оқытудың келесі міндеттері орындалуы тиіс:

- оқушыларға «Тарих ата» бойынша толыққанды, жүйелі білім беру;

- «Тарих ата» бойынша тарихи терминологияларды меңгерту;

- оқушылардың тарихи фактілер мен құбылыстарды талдап-қорыту, тарихи оқиғалардың мақсаты мен мәнін анықтай білу, оның маңызын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру;

- оқушыларды оқытылатын кезеңдегі ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдері мен саяси жетекшілердің қызметіне, тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасауға дағдыландыру;

- оқушылардың қазақ және басқа да халықтардың мәдени мұраларына қызығушылығын қалыптастыру;

- оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі дерек көздерінен қажетті ақпаратты іздестіру арқылы өзіндік жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру.

3. Келесі пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

4. Оқу жүктемесінің көлемі:

2) 5а-ба-сыныпта аптасына – 1сағат, оқу жылында 34 сағат

### **11а сынып «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні**

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).

2. Ұсынылып отырған пән Қазақстан Республикасының The presidentі жолдауындағы Қазақстанның модернизациясы аясында және алға тартылған басымдықтардың бірі - нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыру арқылы бизнес ортаны түбегейлі жақсарту мен кеңейтуге сәйкес Қазақстан Республикасының мектептеріне арналып әзірленді.

**Күрстың мақсаты:** Пәнді оқытудың мақсаты кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша оқушыларға базалық білімдер беру; өз таңдауы үшін жауапкершілікке үйрету, кәсіпкерлік ойлау жүйесі мен белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптасыру; қазіргі заманғы нарықтық жағдайда болашақтағы дербес әрекетіне қажетті дағдылардың практикалық базасын қалыптастыру болып табылады.

### **10 «А» сынып «Туризм» оқу пәні**

**Туризм бағдарламасы** 10 а сыныбында өткізіледі. Оқу практикасы аталған білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

**Мақсаты:** Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы бойынша күрделілігі I-II санаттағы туризм түрлері (тау, жаяу, су және велосипед) бойынша оқу-жаттығу жорықтарынан өту бойынша негізгі білімді бекіту.

**Міндеті:** Оқушылардың табиғи және әлеуметтік-экономикалық рекреациялық ресурстарды, туристік-рекреациялық кәсіпорындар мен мекемелердің, аумақтық рекреациялық жүйелердің әртүрлі түрлерін біріктіретін құрастырылған маршрут бойынша шығуы.

Оқушылардың оқу процесінде алған білімдерін бекіту және туристік фирмада, қонақ үй шаруашылығында және тиісті салада жұмыс істеу, туристік құжаттамамен жұмыс істеу дағдыларын игеру.

### **11а сынып «Цифрлық күзінеттілік» оқу пәні**

**Мақсаты:** 1. Құзіреттілік, Цифрлы құзіреттілік ұғымдарының мәнін анықтау

2. Цифрлы құзіреттіліктерді қалыптастыру мәселелерінің ғылыми еңбектерде қарастыру

**Міндеті:** 1. Құзіреттілік, Цифрлы құзіреттілік ұғымдарының мәнін анықтайды

2. Цифрлы құзіреттіліктерді қалыптастырудың құрылымдық мазмұндық моделі жасалады.

## **11 б «Тіршілік әлемі» курсы бағдарламасы**

«Тіршілік әлемі» атты факультативтік курсының жаңашылдығы экология пәніне қызығушылықтарын оятуға бағытталатындығы ғана емес, сонымен қатар бұл курс бағдарламасы өзіне теориялық білімді практикада қолданумен ұштастырған. Қоршаған ортаны және оның құрамдас бөліктерін-өсімдіктер мен жануарларды зерттеуде – балаға табиғатты жаңаша қарауға көмектеседі.

Табиғаттың дамуы мен заңдылықтарын білгені қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға көмектеседі.

«Тіршілік әлемі» атты авторлық оқу бағдарламасының өзектілігі, ең алдымен экология жағдайының ушығуының себебі, техногенді апаттардан, экологиялық ұқыпсыз жүргізілген шаруашылық пен табиғатқа жауапсыз қарым-қатынас. Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы проблемалардың біріне айналады, тіпті ядролық соғыс қаупі де оның көлеңкесінде қалып қойды. Адамның шаруашылық іс-әрекетінің қауырт дамуы айналадағы ортаға үдемелі, көбінесе бүлдірушілік сипатта әсер етуде. Адамның табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай-ақ, топырақты, су көздерін, ауаныс ластау арқылы жүзеге асады.

Қазіргі уақытта экологиялық проблема адамзаттың проблемаларының ең маңыздысына жатады.

### **Мақсаты:**

Факультативті курстың мақсаты:

- өз туған өлкесінің табиғатын зерттеп қорғауға белсенді іс-әрекет жасау;
